**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.**
**Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна**
**Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта, 31 наурыз - 04сәуір 2025жыл**

**Тексерген меңгеруші:** **Левченко И.Г.**

| **Дүйсенбі 31.03.2025 жыл** | **Сейсенбі 01.04.2025 жыл** | **Сәрсенбі 03204.2025 жыл** | **Бейсенбі 03.04.2025 жыл** | **Жұма 04.04.2025 жыл** |
|---|---|---|---|---|
| **АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ** | | | | |
| «Құстарға қамқор болайық»<br>Құстарға ұя жасау<br>Дос ізде, егер тапсаң қамқор бол | | | | |
| **09.30-09.55**<br>**Топ: ортаңғы тобы**<br>**«Сөйлеу әдебі»**<br>**Мақсаты:** Балаларды сыпайы сөйлеу үлгілерімен таныстыру, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту, грамматикалық тұрғыдан дұрыс сөйлеуге дағдыландыру және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Сөйлеу әдебі туралы әңгіме:** Тәрбиеші балалармен бірге сыпайы сөйлеудің маңыздылығы туралы қысқаша түсіндіреді.<br>*Сұрақтар:*<br>• Қалай амандасасың?<br>• Біреуден бір нәрсе | **Жалпы тіл жаттығулары:**<br>• **«Сағат»**<br>– Тілді оңға-солға қозғалту.<br>• **«Ат шаптырады»**<br>– «Ды-ды-ды» деп, тілді жоғары тіске соғу.<br>• **«Дәмді тосап»**<br>– Ерінді жалап жатқандай тілмен еріннің үстіңгі, астыңғы бөлігін жалау.<br>• **«Саңырауқұлақ»**<br>– Ауызды ашып, тілді жоғары тіске тіреп, тілдің ұшын ұстап тұру. | | **10.30-11.00**<br>**Топ: ересек тобы**<br>**«Үлкендерге құрмет»**<br>**Мақсаты:** Балаларды үлкен кісілерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу, сыпайы сөйлеу үлгілерін меңгерту, сөздік қорын байыту, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға дағдыландыру және байланыстырып сөйлеуін дамыту.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Сұхбат және түсіндіру:**<br>Тәрбиеші «Құрмет» деген сөзді түсіндіреді.<br>Балаларға сұрақтар қояды:<br>– Үлкендерге қалай көмектесеміз?<br>– Ата-әжелеріңе не айтасыңдар? | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| • сұрағанда не дейміз?<br>• Қателескенде не айтамыз?<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Жағдаяттық ойындар:**<br>«Қуыршақ қонаққа келді»: Қуыршақпен амандасу, оны қарсы алу, қоштасу.<br>«Дүкенде»: Сатып алушы мен сатушы рөлдерін ойнау.<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>• Сыпайы сөздер жазылған карточкалармен жұмыс.<br>• Тәрбиеші сөзді айтып, балалар оның қай жағдайда қолданылатынын айтады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балалар сыпайы және сыпайы емес әрекеттер бейнеленген суреттерді қарап, өз пікірлерін білдіреді.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Диалог құрастыру:**<br>Тәрбиеші мысал келтіреді, балалар жұптасып қарапайым | **«О», «У» дыбыстарына**<br>**Жаттығу: «Үрлемелі шар»**<br>– Ерінді алға шығарып, дөңгелетіп, «О-О-О», «У-У-У» деп айту.<br>**Мақсаты:** Еріннің дөңгеленуін, жұмылуын дамыту.<br><br>**«Л» дыбысына**<br>**Жаттығу: «Су ішеміз»**<br>– Тілді жоғары тіске тигізіп, тез-тез «л-л-л» деп айту.<br>**Мақсаты:** Тіл ұшының икемділігін арттыру. | | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздерді тақтаға іліп, әрқайсысын жеке түсіндіріп, дұрыс айтуға жаттықтыру:<br>*Құрмет, сыпайы, көмек көрсету, ақыл айту, т.б.*<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Жағдаяттық көрініс:**<br>«Атаға көмек», «Әжеге жол көрсету» рөлдік ойындарын ұйымдастыру.<br>Балалар ата немесе әже бейнесіндегі қуыршақпен сөйлесіп, амандасып, көмектесіп, қоштасады.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға бірнеше сурет көрсетіледі:<br>1. Балалар атаға көмектесіп жатыр<br>2. Балалар автобус орнын беріп жатыр<br>3. Балалар амандасып жатыр<br>Әр суретке байланысты балалар сөйлем құрастырады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Грамматикалық тапсырма:**<br>• «Кімге көмектестің?» сұрағына жауап құрастыру (атаға, әжеге, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| диалог құрады.<br>*Мысалы:*<br>– Сәлеметсіз бе!<br>– Сәлеметсіз бе! Қалыңыз қалай?<br>– Жақсы, рақмет! Өздеріңіз ше?<br>**Сұрақ-жауап арқылы бекіту:**<br>– Қандай сыпайы сөздер білесіңдер?<br>– Неліктен сөйлеу әдебі маңызды?<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар сыпайы сөйлеудің маңызын түсінеді. Сөйлеуде сыпайы сөздерді қолданады. Қарапайым диалог құрастыра алады. Грамматикалық тұрғыда дұрыс сөйлеуге дағдыланады. | | | апаға).<br>• «Мен атаға көмектестім», «Сен амандастың» т.б. сөйлемдер құрау.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу. Диалог құрастыру:**<br>Тәрбиеші мысал келтіреді, балалар жұппен диалог жасайды:<br>– *Сәлеметсіз бе, ата!*<br>– *Сәлеметсің бе, балам!*<br>– *Көмектесейін бе?*<br>– *Рақмет, балам!*<br><br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар үлкендерге деген құрметті сөзбен және әрекетпен жеткізе алады. Сыпайы, құрмет сөздерін сөйлеуде қолдана алады. Жағдаятқа байланысты қысқа диалог құрастыра алады. Байланыстырып сөйлеу дағдылары дамиды. | |
| **Баламен жеке жұмыс:**<br>**1. «А» дыбысына**<br>**Жаттығу: «Ауыз ашылды»**<br>– Ауызды кең ашып, тілді түп жағынан түсіріп, «А-а-а» дыбысын созып айту.<br>**Мақсаты:** Ауыздың дұрыс ашылуын, дауыс байламдарын жаттықтыру. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«И», «Э» дыбыстарына**<br>**Жаттығу: «Жымию»**<br>– Ерінді жымқырып, тістерді көрсете жымиып, «И-И-И», «Э-Э-Э» дыбыстарын айту.<br>**Мақсаты:** Ерін бұлшықеттерін бекіту. | | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Р» дыбысына**<br>**Жаттығу: «Трактор»**<br>– Ауызды ашып, тілді жоғары тіске тіреп, «д-д-д-д» деп тез қайталау → «р-р-р» дыбысы пайда болады.<br>**Мақсаты:** Тіл ұшының дірілін қалыптастыру. | |

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.**
**Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна**
**Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 2-апта, 07-11сәуір 2025жыл**

**Тексерген меңгеруші:** **Левченко И.Г.**

| **Дүйсенбі 07.04.2025 жыл** | **Сейсенбі 08.04.2025 жыл** | **Сәрсенбі09.04.2025 жыл** | **Бейенбі 10.04.2025жыл** | **Жұма 11.04.2025жыл** |
|---|---|---|---|---|
| **АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ** | | | | |
| «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» <br> Еңбектің наны тәтті, <br> Жалқаудың жаны тәтті. | | | | |
| **09.30-09.55** <br> **Топ: ортаңғы тобы** <br> **«Аспан әлемі»** <br> **Мақсаты:** Балаларды аспан әлеміндегі нысандармен таныстыру, сөздік қорын кеңейту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдануға машықтандыру. <br> **Тілдік дамытушы орта.** <br> **Сөйлесу және сұрақ-жауап жұмысы:** <br> Тәрбиеші аспан әлемі туралы әңгіме жүргізеді. <br> *Сұрақтар:* <br> – Аспанда не бар? <br> – Күн қай кезде шығады? | **«Ғарышкердің хаты»** <br> **Мақсаты:** <br> Байланыстырып сөйлеу, ойдан құрастыру <br> **Ойын шарты:** <br> Тәрбиеші: "Ғарышкер бізге ғарыштан хат жазыпты. Ол не деп жазды екен?" – деп бастайды. Бала жалғастырып айтады: – Сәлем, балалар! Мен Айдамын. Мұнда... (бала өзі жалғастырады) <br> **«Ғарышкер болғым келеді!» (рөлдік ойын)** <br> **Мақсаты:** Қиялды, сөйлеу белсенділігін дамыту | | **10.30-11.00** <br> **Топ: ересек тобы** <br> **«Мен ғарышкер боламын»** <br> **Мақсаты:** Балаларды ғарыш әлемімен, ғарышкер мамандығымен таныстыру, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөздік қорын молайту, грамматикалық құрылымдарды қолдануға машықтандыру. <br> **Тілдік дамытушы орта.** <br> **Әңгіме-сұхбат:** <br> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: <br> – Ғарыш деген не? <br> – Ғарышқа кім ұшады? <br> – Сен ғарышкер болғың келе ме? | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| – Ай мен жұлдыз қай кезде көрінеді?<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздермен таныстыру:<br>*күн, ай, жұлдыз, бұлт, аспан, жарық, түн, күндіз*<br>Әр сөзге байланысты суретпен немесе затшамен жұмыс<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Дидактикалық ойын: «Күн мен түн»**<br>Тәрбиеші затты көрсетеді (мысалы, ай), бала ол қай кезде көрінетінін айтады.<br>*Мысалы:*<br>– Бұл не? (Ай)<br>– Қай кезде көрінеді? (Түнде)<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға аспан әлемінің суреті беріледі.<br>Тапсырма: сурет бойынша 2–3 сөйлем құрау.<br>*Мысалы:*<br>– Аспанда күн жарқырап тұр.<br>– Бұлттар жүзіп жүр.<br>– Түнде жұлдыздар жарқырайды.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Грамматикалық** | **Құралдар:** Скафандр үлгісі, зымыран макеті, микрофон (ойыншық)<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар кезекпен сахнаға шығып, "Мен болашақта..." деп сөйлем құрайды.<br>**Мысалы:**<br>– Мен болашақта ғарышкер болғым келеді. Мен Айға ұшамын.<br><br>**«Аспанда не бар?»**<br>**Мақсаты:** Сөздік қорды дамыту, есте сақтау<br>**Құралдар:** Күн, ай, жұлдыз, бұлт, зымыран, құс суреттері<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларға 5–6 сурет көрсетіледі. Балалар аспанға қатысты заттарды атап шығады.<br>**Мысалы:**<br>– Аспанда күн, ай, жұлдыз бар.<br>– Құс пен бұлт та аспанда ұшады.<br><br>**«Жұлдызды тап!»**<br>**Мақсаты:** Зейінділік пен шапшаңдықты дамыту<br>**Құралдар:** Түрлі түсті жұлдызшалар (кейбірінің артына сөздер немесе суреттер жазылады) | | **Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздермен таныстыру:<br>*ғарыш, зымыран, Ай, жұлдыз, скафандр, ұшу*<br>Сөздерге байланысты суреттер көрсету, бірнеше рет қайталап айту.<br>**Сөздік қор.**<br>**Көрнекілікпен жұмыс:**<br>Тақтадан немесе интерактивті экраннан зымыран, скафандр, ғарыш әлемі суреттерін көрсету.<br>Әр суретке байланысты сөйлем құрау.<br>*Мысалы: Зымыран ұшты. Ғарышкер Айға барды.*<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Ойын: «Мен ғарышкермін!»**<br>Балалар скафандр киіп (макет немесе қағаздан жасалған баскиім), зымыранға отырып, «ғарышқа» ұшады (рөлдік ойын).<br>Ұшу кезінде «Мен ғарышкермін. Мен ұшып барамын. Аспанда жұлдыздар көп» деген сөйлемдерді айту.<br>**Грамматикалық жаттығу:**<br>«Қайда ұшты?», «Кім ұшты?», «Немен ұшты?» | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **жаттығу:**<br>«Қайда?» сұрағына жауап беру:<br>*Күн қайда? – Аспанда.*<br>*Жұлдыз қайда? – Аспанда.*<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br> **Сұрақ-жауап арқылы бекіту:**<br>– Аспанда не көрдіңдер?<br>– Күн мен айдың айырмашылығы қандай?<br>– Сендерге қайсысы ұнайды?<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Күн шықты – ұйықта!»**<br>– Тәрбиеші «Күн шықты!» десе, балалар оянып қозғалады.<br>– «Ай шықты!» десе, балалар көзін жұмып ұйықтағандай болады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Аспан әлемі туралы түсінігі кеңейеді. Жаңа сөздерді сөздік қорына қосады. Қарапайым сөйлемдер құрастырады. Сұраққа жауап бере алады. «Кім? Қайда? Қашан?» құрылымдарымен сөйлем құрайды | **Ойын шарты:**<br>Жұлдызшалардың астындағы сөзді оқып, сөйлем құрау.<br>**Мысалы:**<br>Жұлдызшаның астында – **«Ай»** → *Ай түнде көрінеді.*<br><br>**«Күндіз бе, түнде ме?»**<br>**Мақсаты:** Уақытты ажырату, байланыстырып сөйлеу<br>**Құралдар:** Суреттер (күн, түн, жұлдыз, күн, адамдардың әрекеті)<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші суретті көрсетеді. Балалар қай уақытта болатынын айтады.<br>**Мысалы:**<br>– Жұлдыз – түнде<br>– Күн – күндіз | | сұрақтарына жауап құрастыру.<br>*Мысалы:*<br>– Ғарышкер ғарышқа ұшты.<br>– Ол зымыранмен барды.<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға «Ғарышқа ұшып бара жатқан ғарышкер» суреті беріледі.<br>Сурет бойынша 2–3 сөйлем құрау.<br><br>**Сұрақ-жауап арқылы бекіту:**<br>– Ғарышқа кім ұшады?<br>– Ғарышкер немен ұшады?<br>– Сен ғарышкер болғың келе ме? Неліктен?<br>**Қимылды сергіту:**<br>**«Зымыран ұшты»**<br>(Балалар қолын жоғары көтеріп, «зымыран секілді» ұшады)<br>**Мадақтау:**<br>– «Болашақ ғарышкер» белгішесін (жұлдыз бейнесіндегі стикер) белсенді балаларға тарату.<br><br>**Күтілетін нәтиже:** ғарыш әлемі жайлы біледі, шығармашылық ойлауы, қиялы дамиды. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Не артық?»**<br>**Мақсаты:** Ойлау мен талдау қабілетін дамыту, сөздік қорды кеңейту<br>**Құралдар:** Картиналар (Ай, Жер, жұлдыз, зымыран, ұшақ)<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші 4 суретті көрсетеді, балалар ішінен біреуін артық деп табады.<br>**Мысалы:** Зымыран, Ай, Жұлдыз, Ұшақ → **Ұшақ артық (ғарышта емес)**<br>**Сұрақ:** Неліктен артық екенін түсіндіреді. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Ғарыш кемесін жина»**<br>**Мақсаты:** Зат бөліктерін тану, құрастыру, сөздік қорды дамыту<br>**Құралдар:** Зымыранның бөліктері қиылып дайындалады (денесі, терезесі, қанаты, ұшы)<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар зымыранның бөліктерін дұрыс ретпен құрастырады және әр бөлікті атап айтып шығады.<br>**Тапсырма:**<br>– Зымыранның ұшы қайда?<br>– Қанаты не үшін керек? | | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Ғарышқа кім барады?»**<br>**Мақсаты:** Жіктеу есімдіктерін дұрыс қолдану<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші доп лақтырып, сұрақ қояды:<br>– Ғарышқа кім барады?<br>Бала жауап береді:<br>– Мен барамын! / Сен барасың! / Ол барады! | |

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.**
**Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна**
**Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта14-18 сәуір 2025 жыл**

**Тексерген меңгеруші:** **Левченко И.Г.**

| Дүйсенбі 14.04.2025 жыл | Сейсенбі 15.04.2025 жыл | Сәрсенбі 16.04.2025 жыл | Бейенбі 17.04.2025 жыл . | Жұма 18.04.2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ** | | | | |
| «Сауда үйі», «Сән салоны», «Емхана», «Автосервис» және басқалары<br><br>Адам құрметіне бөленемін десең, өзің де құрметтей біл | | | | |
| **09.30-09.55**<br>**Топ: ортаңғы тобы**<br>**«Кім болам?»**<br>**Мақсаты:**<br>Балалардың мамандықтар туралы түсініктерін қалыптастыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, сөздік қорын молайту, сұрақтарға дұрыс жауап беруге үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br><br>**Сұхбат – әңгімелесу:**<br>– Өскенде кім болғың келеді?<br>– Неге сол мамандықты | 🎨 **«Суретке қара да айт»**<br>**Мақсаты:** Сөйлем құрау, сөздік қорды байыту.<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар суретке қарап сөйлем құрайды.<br>**Мысалы:**<br>– Бұл – дәрігер. Ол ауруханадан жұмыс істейді.<br>– Бұл – өрт сөндіруші. Ол өрт сөндіреді.<br><br>🎁 **«Қораптағы мамандық»**<br>**Мақсаты:** Есте сақтау, ойлау<br>**Құралдар:** Қорапқа түрлі мамандықтың құрал-жабдықтары салынады.<br>**Ойын шарты:**<br>Бала қораптан бір зат алып, қай маманға тиесілі екенін айтады. | | **10.30-11.00**<br>**Топ: ересек тобы**<br>**«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>**Мақсаты:** Әр түрлі мамандық түрлеріне және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға қызығушылықтарын арттыру, үлендердің еңбетерін бағалап құрметтеуге тәрбиелеу.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Әңгімелесу:**<br>Сұрақтар қояды:<br>-Қандай мамандықтарды білесіңдер?<br>Мамандықтардың суреттерін көрсетеді.<br>- Мынау дәрігер, ол не істейді?<br>- Мынау аспазшы, ол не істейді?<br>- Мынау құрлысшы, ол не | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| таңдайсың?<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздермен таныстыру:<br>*дәрігер, мұғалім, аспаз, өрт сөндіруші, құрылысшы, шаштараз, жүргізуші*<br>Суреттер арқылы сөзді жаттау, сөйлеммен айту:<br>*Мысалы: Бұл – дәрігер. Ол адамдарды емдейді.*<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім немен жұмыс істейді?»**<br>Мақсаты: құралды мамандықпен сәйкестендіру<br>Балалар карточка таңдайды (мысалы: балға → құрылысшы)<br><br>**Сөздік қор.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға түрлі мамандық иелерінің суреттері беріледі<br>Сұрақтарға жауап береді: | **Мысалы:**<br>– Қасық → аспаз<br>– Шприц → дәрігер<br>– Қалам → мұғалім<br><br>**«Сөзді жалғастыр»**<br>**Мақсаты:** Грамматикалық құрылымдарды бекіту<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші сөйлемнің басын айтады, бала жалғастырады:<br>– Мен болашақта... (дәрігер боламын)<br>– Ол не істейді? (Ол емдейді)<br><br>**«Мамандық чемоданы»**<br>**Мақсаты:** Сөйлеу белсенділігін арттыру, мамандықтарды құрал-жабдықтармен сәйкестендіру<br>**Құралдар:** Ойыншық чемодан және ішіне салынған түрлі құралдар (шприц, кітап, тарақ, балға, қалам т.б.)<br>**Ойын шарты:**<br>Бала чемоданнан бір затты таңдайды, сол зат кімге тиесілі екенін айтып, сөйлем құрайды.<br>**Мысалы:**<br>– Менде тарақ бар. Бұл – шаштараздың құралы.<br>– Мен балға таптым. Бұл – құрылысшынікі. | | істейді?<br>- Мынау шаштараз, ол не істейді?<br>- Мынау тігінші, ол не істейді?<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**«Кімге не керек?» дидактикалық ойыны**<br>**Мақсаты**: мамандықтарға не қажет екендерін атап, керекті заттарын орналастыруларын сұрайды.<br><br>**Сөздік қор.**<br>**«Мен кім болам?» дидактикалық ойыны:**<br>**Мақсаты:** болашақта қандай мамандықты таңдайтындарын, не үшін таңдайтындарын айтады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дыбыстық жаттығу:**<br>«Зе-зе-зе,зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за,за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу,зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Суреттегі маман иелерінің қызметі туралы әңгімелеседі. Сюжеттік ойындар ойнайды, | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| – Бұл кім?<br>– Ол не істейді?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы. Грамматикалық тапсырма:**<br>«Мен боламын…» үлгісімен сөйлем құрау<br>*Мысалы:* Мен дәрігер боламын. Мен адамдарға көмектесемін.<br>Жіктеу есімдіктерін қолдану:<br>*Мен мұғалім боламын. Сен аспаз боласың. Ол жүргізуші болады.*<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Рөлдік ойын: «Мен болашақта...»**<br>Балалар кезекпен мамандық костюмін киіп, өз рөлін таныстырады<br>*Мысалы:*<br>– Мен аспазбын. Тамақ дайындаймын.<br><br>**Сұрақ-жауап арқылы бекіту:**<br>– Қандай мамандықтарды | **«Сиқырлы микрофон» (сөйлеу ойыны)**<br>**Мақсаты:** Байланыстырып сөйлеу, өз ойын еркін жеткізуге үйрету<br>**Құралдар:** Ойыншық микрофон (немесе кез келген затты микрофон ретінде қолдануға болады)<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар шеңберге тұрады. Микрофонды ұстаған бала сөйлем құрау керек:<br>– Мен болашақта мұғалім боламын.<br>– Мен балаларды оқытамын.<br>– Мен ақ халат киемін. (дәрігер рөлінде) | | **Күтілетін нәтиже:** Әр түрлі мамандық түрлерін біледі. Мамандық иелерінің еңбегін құрметтеп. бағалау керектігін түсінеді. | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| білесің?<br>– Сен кім болғың келеді?<br>– Мұғалім не істейді?<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар мамандық атауларын біледі. «Кім? Не істейді?» сұрақтарына дұрыс жауап береді. Қарапайым сөйлем құрай алады. Өз ойларын байланыстырып жеткізеді | | | | |
| **Баламен жеке жұмыс:**<br>**□ «Кім не істейді?»**<br>**Мақсаты:** Мамандық пен оның қызметін сәйкестендіру.<br>**Құралдар:** Суреттер немесе карточкалар (маман мен оның әрекеті).<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар карточка таңдап, мамандық атауын айтып, не істейтінін түсіндіреді.<br>**Мысалы:**<br>– Бұл – дәрігер. Ол адамдарды емдейді.<br>– Бұл – аспаз. Ол тамақ дайындайды. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**🎩 «Мамандықты тап!»**<br>**Мақсаты:** Сипаттама бойынша мамандықты табу, тыңдап түсіну.<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші сипаттама береді, бала кім екенін табады.<br>**Мысалы:**<br>– Ол ақ халат киеді, адамдарды емдейді. (Дәрігер)<br>– Ол тақтаға жазады, балаларға білім береді. (Мұғалім) | | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**🎭 «Мен болашақта...»**<br>**(рөлдік ойын)**<br>**Мақсаты:** Байланыстырып сөйлеу, мамандыққа қызығушылықты арттыру.<br>**Құралдар:** Костюмдер немесе мамандыққа тән құралдар (ойыншық шприц, қалам, руль).<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар өздері болғысы келетін маман рөлін ойнайды:<br>– Мен – құрылысшымын. Мен үй саламын.<br>– Мен – аспазбын. Мен дәмді тағам пісіремін. | |

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.**
**Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна**
**Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».**
**Жоспардың құрылу кезеңі: 4-апта 21– 25 сәуір 2025 жыл ыл**

**Тексерген меңгеруші:** **Левченко И.Г.**

| Дүйсенбі 21.04.2025 жыл | Сейсенбі 22.04.2025 жыл | Сәрсенбі 23.04.2025 жыл | Бейенбі 24.04.2025 жыл | Жұма 25.04.2025 жыл |
|---|---|---|---|---|
| **АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ** | | | | |
| «Кітаппен жарқын әлемге» Кітап – алтын қазына. | | | | |
| **09.30-09.55**<br>**Топ: «» ортаңғы тобы**<br>**«Мен ақылды баламын (Оқу құралдары)»**<br>**Мақсаты:** Балаларға оқу құралдарының атауларын үйрету, оларды сөйлеуде дұрыс қолдануға, толық сөйлеммен жауап беруге, байланыстырып сөйлеуге үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Сөйлесу және жаңа сөздермен таныстыру:**<br>Тәрбиеші оқу құралдарын көрсетіп, атын атайды.<br>*Мысалы:*<br>– Бұл не? – Бұл қалам.<br>– Бұл дәптер. Бұл кітап.<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық** | **«Сөмке мен шелек» (сәйкестендіру ойыны)**<br>**Мақсаты:** Заттарды мағынасына қарай бөлу<br>**Ойын шарты:**<br>Екі сурет: сөмке мен шелек. Балалар құралдарды екі топқа бөліп салады.<br>**Мысалы:**<br>– Сөмкеге: кітап, қалам, дәптер<br>– Шелекке: сыпырғыш, күрек, шелек<br><br>**«Кім жылдам?»**<br>**Мақсаты:** Қимылмен көрсету және атау<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші құралдың атын | **09.10-09.35**<br>**Топ: «» мектепалды тобы**<br>**«Оқу құралдары»**<br>**Мақсаты:** Оқу құралдары туралы түсінік беру. Балалардың бойында білімге деген қызығушылығын арттыру. Оқу құралдарын күтіп, таза, ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.<br><br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Кіріспе әңгіме.**<br>Қыркүйек айында балалар мектепке барады. Сабақ оқиды. Енді сендерде барасыңдар Ол үшін кітап, дәптерлер, қалам-қарындаштар сатып алады.. | **10.30-11.00**<br>**Топ: «» ересек тобы**<br>**«Көктемгі еңбек: әкеме көмектесемін»**<br>**Мақсаты:** Балаларды көктемгі еңбек түрлерімен және еңбек құралдарымен таныстыру, еңбекке деген құрмет пен ынта қалыптастыру, сөйлеу барысында зат атауларын, іс-әрекетті білдіретін сөздерді қолдану дағдысын қалыптастыру.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Әңгіме-сұхбат:**<br>– Көктемде адамдар қандай еңбек етеді?<br>– Сен үйде әкеңе көмектесесің бе?<br>– Қандай құралдармен жұмыс істейміз?<br>**Сөйлеудің дыбыстық** | **09.10-09.40**<br>**Топ: «» мектепалды тобы**<br>**«Еңбек құралдары»**<br>**Мақсаты:**<br>адамдардың көктемгі еңбегімен таныстыру. Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай білуге, олардың қажеттілігі және қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйрету. Таным белсенділігін арттыру. Ересектердің еңбегіне қызығушылығын дамыту және оның нәтижелеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| **мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>• Балалар затты қайталап айтып, сөйлем құрайды:<br>– Бұл – менің қаламым.<br>– Мен дәптерге жазамын.<br>**Сөздік қор.**<br>**Ойын: «Сөмкеге не саламын?»**<br>Сөмке макеті бар.<br>Балалар кезекпен оқу құралын таңдап, атын айтып сөмкеге салады:<br>– Мен сөмкеге кітап саламын.<br>– Мен сөмкеге карындаш саламын.<br><br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балалар оқу құралдары бейнеленген суретке қарап сөйлем құрайды.<br>*Мысалы:*<br>– Үстелде қаламсап пен өшіргіш жатыр.<br>– Бұл дәптер жасыл түсті.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Грамматикалық жаттығу:**<br>«Менде не бар?» сұрағы бойынша сөйлем құрау<br>*Мысалы:*<br>– Менде карындаш бар. | атайды – бала соңымен қимыл жасайды.<br>– Күрек – жер казады<br>– Қалам – жазады<br><br><br>**«Сөзді жалғастыр»**<br>**Мақсаты:**<br>Байланыстырып сөйлеуді дамыту<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші сөйлемді бастайды, бала жалғастырады:<br>– Мен кітаппен... (оқимын)<br>– Мен сыпырғышпен... (сыпырамын)<br><br><br>🔍 ***«Жоғалған құралды тап»***<br>**Мақсаты:** Есте сақтау<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларға 5 құрал көрсетіледі. Кейін біреуі жасырылады. Бала қай құрал жоғалғанын табады.<br>– Дәптер, қалам, өшіргіш, сызғыш, **(жасырылған)**<br>→ Қайсысы жоқ? | **Оқу іс-әрекетін жұмбақ жасырудан бастау.**<br>1.Білімнен мол сый-асы, Балғындардың ұясы. (Мектеп)<br>2.Ұшымен казык торкөзді жазык<br>Үстіне өттім асыл сөз жазып. (Дәптер)<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>А. Хамзаұлының «Оқу құралдары хикаясы» ертегісімен таныстыру, әңгімелету.<br>- Жанатбек биыл қайда барады?<br>- Анасы ұлына қандай оқу құралдарын сатып әперді?<br>- Жанатбек дәптерді қалай былғады?<br>- Қалам, дәптерлер неге ренжісті?<br>- Атасы немересін қайда апарды?<br>- Мұғалім Жанатбекке не берді?<br>- Жанатбек кітаптарды қайда салды?<br>- Кітап достарына қандай ақыл айтты?<br>- Кітаптың айтқаны дұрыс па?<br>- Жанатбектің жасағаны дұрыс па? | **мәдениеті.**<br>Тырма, күрек, сукүйғыш, балта, қайшы, ара, ине құралдарын қай уақытта пайдаланылады?<br>Сурет бойынша жұмыс<br>Мынау – балға<br>Мынау – ара<br>Мынау – тырнауыш<br>Мынау – қайш<br>Мынау – ине<br>Мынау - күрек<br>**Сөздік қор.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздермен таныстыру (суретпен және накты құралмен):<br>*Күрек – жер қазамыз*<br>*Тырма – жапырақ жинаймыз*<br>*Шелек – су тасимыз*<br>*Сыпырғыш – аула сыпырамыз*<br>Балалар сөзді қайталап айтып, сөйлем құрастырады:<br>*Мен күрекпен жер қазамын.*<br>*Әкеме көмектесемін.*<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Грамматикалық жаттығу:**<br>Сұрақ-жауап түрінде:<br>– Бұл не? (Бұл – күрек.)<br>– Ол не істейді? (Ол сыпырады.)<br>– Сен кімге көмектесесің? (Мен әкеме көмектесемін.)<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>«Әке мен бала көктемгі | **Тілдік дамытушы орта.**<br>Адамдардың көкемгі тіршілігі туралы бейнефильм көреміз (бейнетаспадан адамдардың көктемгі тіршілігі, еңбегі тураы түсірілген бейнефильм көрсетіп, сұрақтар қояды).<br>-Балалар, жерді не үшін жыртып, тегістеп жатыр деп ойлайсыңдар?<br>-Бидай, күріш сеуіп, гүл, ағаштар отырғызу үшін не керек?<br><br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>Тырма, күрек, сукүйғыш, балта, кайшы, ара, ине құралдарын қай уақытта пайдаланылады?<br>Сурет бойынша жұмыс<br>Мынау – балға<br>Мынау – ара<br>Мынау – тырнауыш<br>Мынау – қайш<br>Мынау – ине<br>Мынау - күрек<br>**Сөздік қор.**<br>«Сыңарын тап». |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| – Менде сызғыш жоқ.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Сергіту сәті:**<br>*Қалам менен дәптерім –*<br>*Білімге жол сілтерім.*<br>*Өшіргіш пен сызғышым –*<br>*Тап-түйнақтай кілттерім!*<br><br>**Сұрақ-жауап:**<br>– Сенде қандай оку құралдары бар?<br>– Қай құралмен жазамыз?<br>– Қайсысы саған ұнайды?<br>**Мадақтау:**<br>– «Ақылды бала» медалі немесе жапсырма беріледі.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар оку құралдарының атауларын біледі. Сұракка толык жауап береді. Сөйлеммен өз ойын жеткізеді. «Мендебар», «менжазамын» құрылымдарынколданады | ✎ **«Құралға сипаттама бер»**<br>**Мақсаты:** Сөздік қор мен байланыстырып сөйлеуді дамыту<br>**Ойын шарты:**<br>Бала бір құралды таңдап, оны сипаттайды:<br>– Бұл – сызғыш. Ол ұзын. Ол өлшеу үшін керек.<br>– Бұл – күрек. Ол ауыр. Онымен жер қазамыз. | **Сөздік қор.**<br>**Жұмбақтың шешуін тап.**<br>1. Алты қырлы, алты сырлы. (қалам)<br>2. Жазу жазып жалықпаған, жаза - жаза арықтаған. (бор)<br>**Сергіту сәті:**<br>Біз мектепке барамыз,<br>Қолға қалам аламыз.<br>Кітапты да оқимыз,<br>Суретті де саламыз.<br>(Қолмен көрсету.)<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дидактикалық ойын:** «Не артық?»<br>Ойынның шарты: Үстел үстіне оку құралдары мен ойыншықтар араластырылып қойылады. Сөмкеге оку құралдарын жинап, артық заттардың атын атау керек.<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>Оку құралдарымен таныстыру. Осыдан кейін дәптерлеріндегі сөмкеге кажетті оку құралдарын сызыкпен сызып көрсетеді. | еңбекте» деген суретке карап, балалар 2–3 сөйлем құрастырады.<br>*Мысалы:*<br>– Әкем бақта жұмыс істейді.<br>– Мен шелекпен су апарамын.<br>**Ойын: «Кім не істейді?»**<br>Карточкалар аркылы әрекетті мамандыкпен немесе адаммен сәйкестендіру<br>*Мысалы:*<br>– Кетпен → әкем қопсытады<br>– Шелек → мен су тасимын<br>**Қимылды ойын: «Құралды тап!»**<br>Балаларға құрал атауы айтылады, сол құралды тауып, не істейтінін айтады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар еңбек құралдарының атауын біледі. Қарапайым сөйлем құрай алады. «Мен не істеймін?» құрылымын қолдана алады. Еңбеккекызығушылығыоянады | Ойыны.<br>Ойын шарты бойынша түстері мен көлемі әртүрлі , алайда қызыметі бір болатын күректер мен тырмаларды топтастыру ұсынылады.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Сөзүйқастар айтайық**<br>Ға-ға-ға – менде бар балға.<br>Е-е-е – іс тігеді ине.<br>Рек – рек-рек – менде алдым күрек.<br>Ыш – ыш-ыш – жасыл тырнауыш<br>Ра-ра-ра – ән салады ара.<br>Ла-ла-ла – мен еңбексүйгіш бала!<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**«Еңбек құралдары не үшін керек?»**<br>«Еңбек құралады болмаса жұмыс өне ме? » тақырыптарында әңгімеселесу.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>адамдардың көктемгі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | **Күтілетін нәтиже:** ертегі мазмұнын, оқу құралдарының атауларын біледі.<br>ұқыптылықпен жұмыс жасауды үйренеді.<br>Жұмбақ шеше алуды, сұраққа жауап беруді біледі. | | еңбегімен танысады.<br>Көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай біледі, олардың қажеттілігі және колданылуын біледі. |
| **Баламен жеке жұмыс:**<br>□ **«Сөмкеге не саламыз?»**<br>**Тақырыбы:** Оқу құралдары<br>**Мақсаты:** Зат атауларын дұрыс айту, сөйлем құрау<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар мектеп сөмкесіне оқу құралдарын салады және сөйлеммен айтады:<br>– Мен сөмкеге **дәптер** саламын.<br>– Мен сөмкеге **қалам** саламын. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Не артық?»**<br>**Тақырыптары:** Еңбек құралдары / оқу құралдары<br>**Мақсаты:** Салыстыру, логикалық ойлау<br>**Ойын шарты:**<br>4 суретті көрсетіп, артық затты табу.<br>**Мысалы:**<br>– Күрек, сыпырғыш, балға, **кітап →** кітап артық (еңбек құралы емес) | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Мен не істеймін?»**<br>**Тақырыбы:** Еңбек құралдары<br>**Мақсаты:** Іс-әрекетті сипаттау, сөйлеу белсенділігі<br>**Ойын шарты:**<br>Бала құралды таңдайды және не істейтінін айтады:<br>– Бұл – күрек. Мен жер қазамын.<br>– Бұл – сыпырғыш. Мен аула сыпырамын. | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Қандай құрал?»**<br>**Тақырыбы:** Екі бағытта (еңбек/оқу құралдары)<br>**Мақсаты:** Тақырыпты ажырату<br>**Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші зат атайды, бала оның оқу немесе еңбек құралы екенін айтады:<br>– Өшіргіш – оқу құралы<br>– Шелек – еңбек құралы | **Баламен жеке жұмыс:**<br>**«Құралды боя»**<br>**Тақырыптары:** Оқу және еңбек құралдары<br>**Мақсаты:** Заттарды тану және сипаттау<br>**Ойын шарты:**<br>Балаларға әртүрлі құралдардың суреті беріледі. Бала суретті бояп, оны атап, не үшін қолданылатынын айтады.<br>– Бұл – қарындаш. Ол жазуға керек. |

**Коммуникативтік дағдыларды дамыту дағдысы бойынша қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: МКҚК №8 «Болашақ» бөбекжай-бақшасы.**
**Қазақ тілі маманы: Кубентаева Улжанат Абдиганиевна**
**Топ: Қазақ және орыс тіліндегі аралас ортаңғы, ересек тобы «Смешарик».**
***Жоспардың құрылу кезеңі:* 5-апта, 28 сәуір – 02 мамыр 2025 жыл**

**Тексерген меңгеруші:** **Левченко И.Г.**

| Дүйсенбі 28.04.2025ж | Сейсенбі 29.04.2025ж | Сәрсенбі 30.04.2025ж | Бейенбі 01.05.2025 ж | Жұма 02.05.2025 ж |
|---|---|---|---|---|
| **АПТА ДӘЙЕКСӨЗІ** | | | | |
| «Әжемнің ертегілері»<br><br>Еркелейтін әлі мен, әжем жақсы бәрінен | | | | |
| **09.30-09.55**<br>**Топ: ортаңғы тобы**<br>**«Дос болайық бәріміз»**<br>**Мақсаты:** Балаларға достық, бірлік туралы түсінік беру, достарымен сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету, сөздік қорын байыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Әңгіме-сұхбат:**<br>– Дос деген кім?<br>– Досқа қалай көмектесеміз?<br>– Сенің досың бар ма?<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздермен | **1. «Жақсы сөз — жанға қуат»**<br>**Құндылық:** мейірімділік<br>**Мақсаты:** Балаларды бір-біріне жылы, жақсы сөз айтуға үйрету<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар бір-біріне доп лақтырып, жақсы сөз айтады:<br>– Сен әдемісің!<br>– Мен сені жақсы көремін!<br><br>**2. «Мейірімді жүрек»**<br>**Құндылық:** мейірімділік, достық<br>**Мақсаты:** Ізгі әрекеттерді сөзбен жеткізу<br>**Ойын шарты:**<br>Тақтада үлкен жүрек ілулі тұрады. Балалар жүрек пішініндегі қағазға «Мен | | **10.30-11.00**<br>**Топ: ересек тобы**<br>**«Бірлік күні»**<br>**Мақсаты:** Балаларға Қазақстан халқының бірлігі, татулығы, достығы туралы түсінік беру. Сөйлеу мәдениетін дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, бір-біріне жылы сөз айтуға үйрету.<br>**Тілдік дамытушы орта.**<br>**Сөйлесу – сұхбат:**<br>– Бірлік деген не?<br>– Біз неге тату болуымыз керек?<br>– Достармен бірге не істеген ұнайды?<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.**<br>**Сөздік жұмыс:**<br>Жаңа сөздер:<br>*бірлік, достық, татулық,* | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| таныстыру:<br>*дос, тату, көмектесу, бірге, мейірімді, ренжітпеу*<br>Балалар сөздерді қайталап айтып, сөйлеммен қолданады:<br>– Бұл – менің досым.<br>– Мен досыма көмектесемін.<br>**Сөздік қор.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға «достар бірге ойнап жатыр», «балалар көмектесіп жатыр» деген суреттер көрсетіледі<br>Әр бала суретке 1–2 сөйлем айтып сипаттама береді<br>*Мысалы:*<br>– Балалар бірге ойнап жатыр.<br>– Олар тату дос.<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дидактикалық ойын: «Кім досына көмектесті?»**<br>Сурет карточкаларымен жұмыс: біреуінде бала досына көмектесіп жатыр, екіншісінде – ренжітіп жатыр | мейірімді боламын, себебі...» деп сөйлем құрайды.<br><br>**3. «Досым қандай?»**<br>**Құндылық:** достық, адалдық<br>**Мақсаты:** Достың жақсы қасиеттерін тану<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар өз досын сипаттайды:<br>– Менің досым – мейірімді, адал, көңілді.<br><br>**4. «Кім не істеді?» (Жағдаяттық сурет ойыны)**<br>**Құндылық:** татулық<br>**Мақсаты:** Әрекетке баға беру, дұрыс пен бұрысты ажырату<br>**Ойын шарты:**<br>Суреттер көрсетіледі (досына көмектескен бала, ренжіткен бала). Балалар дұрыс әрекетті таңдап, неге екенін түсіндіреді.<br><br>**5. «Иә немесе жоқ»**<br>**Құндылық:** адалдық, мейірімділік<br>**Мақсаты:** Жақсы/жаман іс-әрекетті ажырату | | *ынтымақ, ұлт, халық*<br>Балалар сөздерді қайталап айтып, сөйлем құрастырады:<br>– Біз – тату баламыз.<br>– Бірлік – күш.<br>**Сөздік қор.**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Достық, татулықты бейнелейтін суреттер көрсетіледі<br>Сұрақтар қойылады:<br>– Суретте кімдер бар? Олар не істеп жатыр?<br>– Олар тату ма?<br><br>**Тілдің грамматикалық құрылымы.**<br>**Дидактикалық ойын: «Бірлік қайда?»**<br>Балаларға бірнеше сурет ұсынылады<br>Қай суретте балалар тату, қайсысында ренжісіп тұр – ажыратады<br>Түсіндіру: неге солай ойлайсың?<br><br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Қимылды ойын: «Біз біргеміз!»**<br>Балалар шеңберге тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап: *Біз біргеміз! Біз доспыз! Біз тату баламыз!* – деп айтады<br>Музыкамен «бірлік шеңбері» құрылады | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Балалар дұрыс әрекетті таңдап, түсіндіреді<br>**Байланыстырып сөйлеу.**<br>**Рөлдік ойын: «Досыммен серуенге шықтым»**<br>Қуыршақпен немесе жұптасып ойнау<br>Балалар кезекпен диалог құрастырады:<br>– Сәлем, досым! Қалайсың?<br>– Жүр, бірге ойнайық!<br>– Жақсы, жүр!<br>**Сұрақ-жауап арқылы бекіту:**<br>– Достық деген не?<br>– Досқа қандай жақсы сөздер айтамыз?<br>– Досыңмен не істеген ұнайды?<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>Балалар достық туралы түсінік алады.<br>Достыққа байланысты жаңа сөздерді меңгереді. Сөйлем құрап, өз ойын айтады.<br>Бір-біріне сыпайы сөйлеп, жылы қарым-қатынас орнатады | **Ойын шарты:**<br>Тәрбиеші жағдаят оқиды:<br>– Досыңның кітабын жыртып тастасаң – жақсы ма? (жоқ)<br>– Қиындықта досыңа көмектессең – жақсы ма? (иә) | | **Тапсырма: «Достық гүлі»**<br>Әр бала гүл жапырағына «Мен тату баламын», «Мен досымды жақсы көремін» деген сөйлем жазады немесе айтып, гүлге жапсырады.<br>**Күтілетін нәтиже:** Балалар бірлік, достық туралы қарапайым түсінік алады.<br>Тақырыпқа байланысты сөздерді меңгереді.<br>Қарапайым сөйлемдер құрайды. Өзін және досын сипаттай алады.<br>Топтабірлікпенәрекететеді | |
| **Баламен жеке жұмыс: «Жақсы мен жаман»**<br>**Құндылық:** адалдық, бірлік<br>**Мақсаты:** Сөйлеу | **Баламен жеке жұмыс: «Қандай баласың?»**<br>**Құндылық:** мейірімділік, адалдық<br>**Мақсаты:** Баланың өзін-өзі | | **Баламен жеке жұмыс: «Достар рөлінде» (рөлдік ойын)**<br>**Құндылық:** достық, татулық | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| арқылы жақсы мен жаман мінез-құлықты салыстыру<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар екі топқа бөлінеді: бірі – жақсы қасиет айтады, екіншісі – сол қасиетке қарама-қарсысын:<br>– Мейірімді — қатігез<br>– Адал — өтірікші | тануына көмектесу<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар айнаға қарап сөйлем құрайды:<br>– Мен – мейірімді баламын.<br>– Мен – досымды ренжітпеймін. | | **Мақсаты:** Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру<br>**Ойын шарты:**<br>Балалар жұптасып, рөл ойнайды:<br>– Сәлем, досым!<br>– Қалың қалай? Жүр бірге ойнайық!<br>– Сен өте көңілді доссың! | |